

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялар көлемдерін бекіту туралы

Күшін жойған

Шымкент қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 305 қаулысы. Шымкент қаласының Әділет департаментінде 2019 жылғы 16 сәуірде № 36 болып тіркелді. Күші жойылды - Шымкент қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 1 сәуірдегі № 196 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шымкент қаласы әкімдігінің 01.04.2020 № 196 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 2-тармағының 12) тармақшасына және "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы № 108 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18404 тіркелген), Шымкент қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялар көлемдері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Шымкент қаласының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалы – Шымкент аймақтық құқықтық ақпарат орталығына жіберуді;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап оның көшірмесін Шымкент қаласы аумағында таратылған мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

4) осы қаулыны оны ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Шымкент қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Шымкент қаласы әкімінің орынбасары Д.Жуминге жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шымкент қаласының әкімі

Ғ.Әбдірахымов

Шымкент қаласы әкімдігінің
2019 жылғы "15" сәуір
№ 305 қаулысына
қосымша

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялар көлемдері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Шымкент қаласы әкімдігінің 23.12.2019 № 980 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге	Субсидия көлемі	Субсидия соммасы, теңге
Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға субсидиялар көлемі					
Етті ірі қара мал шаруашылығы					
1. Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу					
1.1	Ірі қара малдың тауарлық аналық басы	б а с / шағылыстыру маусымы	10 000	1 116	11 160 000
1.2	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы		20 000	382	7 640 000
1.3	Отандық асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу	сатып алынған бас	150 000	27	4 050 000
1.4	Шетелдік асыл тұқымды аналық мал басын сатып алу		225 000	127	28 575 000
Сүтті және сүтті-етті ірі қара мал шаруашылығы					
1. Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу					
1.1	Отандық немесе Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінен әкелінген шетелдік	сатып алынған бас	150 000	12	1 800 000
1.2	Шаруа (фермер) қожалықтарында және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді субсидиялау	ұрықтандырылған бас/шағылысу маусымы	5 000	3 186	15 930 000
Жұмыртқалы құс шаруашылығы					

1.	Асыл тұқымды құстардан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы тәуліктік балапан сатып алу	сатып алынған бас	60	91 000	5 460 000
Қой шаруашылығы					
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу				
1.1	Қойлардың асыл тұқымды аналық басы	бас/ шағылысу маусымы	2 500	1017	2 542 500
1.2	Қойлардың тауарлық аналық басы		1 500	3 789	5 683 500
1.3	Асыл тұқымды қойлар сатып алу	сатып алынған бас	8 000	687	5 496 000
1.4	Асыл тұқымды ешкілердің аналық басын сатып алу		40 000	297	11 880 000
Шошқа шаруашылығы					
1.	Шошқалардың аналық және шошқа басын толықтыратын басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстар жүргізу	бас/шағылысу маусымы	40 000	537	21 480 000
Балара шаруашылығы					
1.	Балара ұясымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	балара ұясы/ маусым	5 000	8 452	42 260 000
Барлығы					163 957 000
Мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялар көлемдері					
Етті мал шаруашылығы					
1.	Сыйымдылығы бір уақытта кемінде 1000 бас болатын бордақылау алаңдары үшін бұқашықтарды бордақылау шығындарын арзандату	қосқан салмағы, килограмм	200	3 375 600	675 120 020
1.2	Сыйымдылығы бір уақытта кемінде 1000 бас болатын бордақылау алаңдарына бордақылау үшін өткізілген немесе ауыстырылған бұқашықтардың құнын арзандату	тірідей салмағы, килограмм	200	71 087	14 217 400
Сүтті және сүтті-етті бағыттағы мал шаруашылығы					
1.	Сүт өндіру құнын арзандату:				
1.1	бағымдағы сиырларының саны 50 бастан басталатын шаруашылық	өткізілген немесе өңделген килограмм	10	3 212 260	32 122 600
1.2	Ауыл шаруашылығы кооперативі	килограмм	10	780 015	7 800 150
Жұмыртқалы құс шаруашылығы					
1.	Тағамдық жұмыртқа өндіру құнын арзандату				
1.1	100 миллион данадан басталатын нақты өндіріс	өткізілген дана	2,5	66 896 627	167 241 567
1.2	20 миллион данадан басталатын нақты өндіріс	өткізілген дана	2	26 792 500	53 585 000
Барлығы					950 086 736

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК